## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Тексерді: ____________

Оқу ісінің меңгерушілері Шокаева А.Т., Алиманов А.Ж.

Білім беру ұйымы:«Өлеңті ауылының ЖОББМ»КММ-нің шағын орталығы

Топ: «Айналайын» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.09 - 13.09.2024ж.

Педагогтың аты-жөні: Туребекова Л.К.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы*** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу(сөйлеуді дамыту) ***«Күй күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу.*** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері" | "2 жасар балалардың жас ерекшеліктері" | "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері" | "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері" | Әңгімелесу. "Балабақша ережелері" |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптарды қарау және басқалар)** | аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету.<br><br>***«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)***<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Әжемнің жіптері". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқаламмен таныстыру, оның сабын үш саусақпен ұстау, бояуға малу, белгіленген жерден бастап, түзу бағытта сызықтар қалдыруды | көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br><br>Саусақ ойыны. "Бас бармақ".<br>Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бас бармақ байтақ,<br>Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – керек,<br>Кішкентай бөбек – | орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br><br>"Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан?<br><br>Қимылды ойын.<br>«Доптарды салу» | жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br><br>"Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". (сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | жинастыру іскерліктерін ынталандыру.<br><br>Құлыншақ ойыншығымен ойнату.<br>Міндеттері. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу.<br>"Құлыншақ тентек екен".<br>Құлыншақ тентек екен,<br>Желкесінде жалысы бар екен<br>Желмен жарысып шауып,<br>Анасына ұстатпай кеткен. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету; қылқаламның ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; қылқаламды тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыру және тазалық сақтау ережелеріне шақырып отыру. "Жіптерді жинайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттардың көлемін ажыратуды, ортақ қасиеттеріне қарай топтастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. | көбелек, көбелек. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика) | Міндеттер: Доптарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі. (Дене шынықтыру) | | - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) | Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) | Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) | Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) | Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде | 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде | 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде | 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде | 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбыс бәсең, салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Қайырлы таң, балақайлар!<br>Қайырлы таң, мөлдір қайнар!<br>Күніміз де бізге күлімдейді:<br>"Сәлем, сәлем!"- дейді.<br>Д. Ахметова<br>(сөйлеуді дамыту) | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру. "Аюмен шеңберге тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңберге** | **Музыка. (музыка жетекшісінің жоспарымен)** | Дене шынықтыру "Шеңберге тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңберге дұрыс тұруды | Дене шынықтыру. "Аюмен бірге шеңберге тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың | Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тұруды үйрету; шеңберге тұру арқылы дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; топтық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. "Жұбымызбен жарасайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқаулар арқылы қимылдарды дұрыс орындауды үйрету.** | | үйрету; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; шеңберге тұру техникасы туралы мағлұмат беру; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыта отырып, шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасағанда достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Жапалақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойын ойнауды үйрету. Қимыл | шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыту; шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Досымызбен жарасайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әртүрлі қимылдарды жасауды үйрету. Еске | ойыншықтар жөнінде түсінік беру, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атау, қимылдарды қайталауды үйрету. Ойыншық арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және еске сақтау қабілеті мен тілін дамыту. "Пирамида жинайық" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Өз орнында бір ойыншықпен қызықты ойын ойнауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жылдамдығын дамыту. (дене шынықтыру) | сақтау, зейінді дамыту. (дене шынықтыру) | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Сұхбатхананы бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасқанын және жарқырайтынын байқату, күннің жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жаю, жоғары созу, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>Қ. Мырза Әли "Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз ғана.<br>- Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстық күндері салқын, суық күндері жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз тамаша жер!<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды** | **ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға** | **Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Кім тыныш?" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын** | **Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету;** | **болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>«Тегіс жолмен | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар | толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша! | бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы.<br>(Қызыл, сары, көк.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік.<br>Мұқият болыңдар!<br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! | түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Шеңберден шықпа" жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүреміз» ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруді үйрету. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Балаларды тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру) | "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру) | Педагог дауыс күшін қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді. "Әткеншек" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) | шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау<br>және<br>басқалар)** | **"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркемсөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отбасы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру).<br>- Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар<br>(алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>- Отбасымда әкем** | **"Өз үйіңді тап" қимылды ойын.<br>Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан** | **«Үлкен және кішкентай доптар» азқимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Педагог балалармен бірге үлкен және кішкентай доптарды зерттейді.<br>Олардың қайсы үлкен, қайсы кішкентай екенін ажыратады.<br>Доптарды жерге шашып тастайды.<br>Ойын басында педагог балалардан** | **«Ағайындылар» саусақ ойыны.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көру және есту зейінін, қабылдауын, ойлауын, артикуляциясын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін, бір сюжет өзара әрекеттесу қабілетін дамытуға ықпал ету; өзіне сенімділікке, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Педагог:<br>– Бір күні екі ағайынды серуендеуге** | **«Менің балаларым қайда?» музыкалық-дидактикалық ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға үйрек қаз, тауық және басқа құстар мен олардың балапандарын суреттеріне қарап ажыратуды үйрету.<br>Құралдар: төрт үлкен үлестірмелі қағаз бен бірнеше кішкентай үлестірмелі қағаз.<br>Үлкен қағаздарда: қаз, үйрек, тауық, басқа құс бейнеленген. Ал, кішкентайларында үйректің** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>- Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>- Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею).<br>(сөйлеуді дамыту, құрастыру)<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер.<br>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі** | **тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді).<br>Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек.<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **үлкен доптарды алып келулерін және оларды себетке салуларын сұрайды. Кейін балалар кішкентай доптарды себетке жинайды. Жердегі барлық доптарды жинап болған соң, педагог балалармен бірге доптарды себетке дұрыс салғандарын балалармен бірге тексереді. (Ойынды 2-3 рет ойнатуға болады.)** | **шығыпты.<br>Олардың артынан тағы екі ағайынды келе жатты. Ең үлкені ағасы шықпады, ол бауырларын үйге шақырды. Оларды дастарқан басына отырғызып, дәмді ботқа берді.<br>– Балалар, осы ағайындылар қолымыздың бес саусағы болып шықты. Алдымен, бес саусақтың атауларын есімізге түсірейік. Кімнің есінде?<br>Балалар:<br>– Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек!<br>Педагог:<br>– Жарайсыңдар, балалар! Саусақ** | **балапандары, тауықтың балапандары, ұядағы балапандар бейнеленген.<br><br>Барысы.<br>Балалар музыкалық жетекшіге қарама-қарсы жаққа жартылай шеңбер құрып отырады.<br>Музыкалық жетекші:<br>– Бір аулада тауық пен балапандары, үйрек пен балапандары және қаз бен оның балапандары болыпты. Ал, ағаштың үстіне бір құс ұя салыпты. Бір күні қатты жел соғып, жаңбыр жауыпты. Барлығы қорыққандарынан** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?)жауап беруге үйрету** | | | **атауларын дұрыс айттыңдар. Енді, балалар, осы шағын әңгімеміздегі ағайындылардың әрекеттерін бес саусақтың қимылымен көрсетейік.<br>1. Алақанды үстелге қоямыз.<br>2. Бес саусақты бір-біріне қосып ұстаймыз.<br>3. Шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті оң жақ шетке жылжытайық.<br>4. Балаң үйрек пен ортан теректі сол жақ шетке жылжытайық.<br>5. Енді барлығын бас бармаққа қарай жақындатамыз.<br>– Тамаша!<br>– Балалар, сендерге ботқа ұнады ма?** | **тығылып қалыпты. Құс аналар өздерінің балапандарын жоғалтып алыпты. Бірінші болып өз балапандарын үйрек шақыра бастайды. (тәрбиеші үйректің суретін көрсетеді):<br>Үйрек:<br>– Менің балапандарым қайда? Қақ-қақ! Үйректің суреті бар балалар жауап береді: «Қақ-қақ! Біз осындамыз!» – деп әндетеді.<br><br>Музыкалық жетекші балалардан құстардың суретін жинап алып, әңгімесін әрі қарай жалғастырады: «Балапандарының** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Сендерге қандай ботқа ұнайды? Сендерге қандай ботқа ұнамайды? (Балалардың жауаптарын тыңдау.)** | **дауыстарын естіген үйрек қуанып кетеді, ол балапандарының қасына барады. Сол кезде тауық өз балапандарын шақырады: «Менің балапандарым қайда екен? Құт-құт, құт-құт!» – дейді. Ойын осылай жалғасады.** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Нұрасыл<br>"Баулармен ойнау" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді.<br>Педагог:<br>- Қараңдаршы, балалар, бұның | Нұрланған<br>Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Қар жауды".<br>**(мүсіндеу)** | **Топтық жұмыс<br>"Сипау арқылы тап" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар.<br>Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді.<br>Педагог:** | **"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Айлин<br>Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Қар жауды".<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды өткізу керек. Мен бауды әр тесікке бір жағынан, екінші жағынан өткіземін. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңдар. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. (сенсорика) | | **- Балалар, Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті. Сендер оларды қаптан шығармай, сыртынан сипау арқылы атауларың керек. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері" | "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері" | "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері" | "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері" | Әңгімелесу. "Балабақша ережелері" |